

---

## ФӘЛСАФА МЕН СОПЫЛЫҚ СИНТЕЗІНЕН ТУЫНДАҒАН КӨЗҚАРАСТАР

**Қ. Қаратышқанова**

Сыртқы қоршаған ортаға қарап, әр нәрсені Алла тағаланың белгісі (аяты) деп қабылдаған адам ойы үш мәртебені бастан кешетінін Й.Хамадани айттып кеткен. «Затқа қарап, Алла тағаланы ойлау және көру, Алла тағаланың сипаттарының адамда көрінуі мәртебелерінен басқа үшінші мәртебе бар. Ол – Пайғамбарлар мен сыддықтарға тән, Алла үшін ой қозғау, яғни фана фил-фана (жоқ болу ішінде жоқ болу). Пайғамбар Хақ тағаланың былай дегенін айттып кеткен: «Бір құлымды жақсы көрген уақытта, оның естігені, көргені және көңілі мен боламын. Менімен сезеді, менімен көреді және менімен ойлайды» [1,70]. Бұл сопылық ілімінің болмыспен де, таным теориясымен де байланысы барын көрсетеді. Сопылық доктринасының метафизикалық әлеммен эпистемологиялық және онтологиялық байланысы, кей жағдайда үлестері тең келіп, көп жағдайда, білім, білуші мен білінгеннің бірлігі осы тең түсумен түсіндіріледі. Адам «мендігі» тұлғалықтан да терең ұғым. Бұл тереңдік Ақиқат болмыспен біріккенде ғана өзін көрсете бастайды. Осы жолмен мендік өз жалғыздығын, метафизикалық статусы мен өз жағдайын тәртіптеу мүмкіндіктерін таба алады. Сол себептен, ғылым мен танымды жасайтын тәжірибе ақылға негізделетін шындық емес. Бұл кезең түгелімен метафизикалық кеңістікке енеді. «Мендік» өзінің тұтастығы мен метафизикалық статусын «Сенмен» құрап, ақырында Онымен, Онда және Одан болуды жүзеге асырады.

Сезімдік және рационалистік байланыстардан айрылған мендік алдымен өз-өзін таниды. Сопы субъективизмге де, солипсизмге де ұрынбастан, жүрекке бағындырған мендігінің шектерін айқындайды. Өзін-өзі тану оны қаласын-қаламасын Абсолюттік болмыспен бетпе-бет келтіреді. Мұны адами эго мен илахи эгоның таухид нүктесінде кездесуі дейді. Кездесу жекелікті толығымен жояды. Бұл – сопының таухид түйсігіне ұласуы. Бұл илахи табиғатқа ортақтасуды білдірмейді, мендіктен құтылып, Бір және Шексіз болмыспен жаңадан бірігу мағынасын береді. Мендік Тәңір мендігіне ұқсауға тырысады. Оның ерекшеліктерін иемденеді, өзінің өткінші ерекшеліктерінен арылады. Мендік алдымен адами сипаттарды бастан кешіреді. Кейін Хақтың мұшахадасы мен сипаттарынан айрылады, ақырында Хақтың болмысында өліп, Оның шухудын бастан кешіреді. Алла тағаланы мұшахада етуден бұрын мендік тәнде болады. Оның заттай әлеммен байланысы кесілмейді. Бірақ ең соңғы мақсат таухид (бірігу, бір болу) болған кезде, Абсолюттік Меннің жанында адами Мен

дуалист болады. Алла тағаладан басқаны артта қалдырған кезде ғана, дуализм жойылады. Фана (жоғалу, жоқ болу) жағдайының алғашқы қадамы нәпсі сипаттары болса, екінші қадам мендік пен жаратылғандарды артта қалдыру. Әйтпесе, адамның өз мендігі, айналасындағы жаратылғандар да бар. Бірақ сопы оларды білмейді. Таухидте «Фана» деп аталатын осы мәртебеде сопы тек уахиды көре алады. Бірақ өзін және «менін» көре алмайды. Ол соңында әлемді де, мендік болмысын да артта қалдырады. Негізінен, болмыс – біреу. Мұның жасырын жағы – Хаққ болса, ашық жағы – жаратылыс.

Субъективтік тұрғыдан қарағанда, субъект өз ойларын тек өзі нақты біле алады. Соған қарағанда, адам өз санасы мен ішіндегі әлемді біле алады. Басқа саналар мен материалдық объектілердің білімін өзінің субъективті білімі мен ойлары тұрғысынан ой қорытындылау тәсілімен сипаттай алады. Осы себепті, санадан тысқары әрбір заттың білімі сұрақ астына алына алатын проблематикалық жағдайға келеді; дене, күн, Тәңір және физикалық әлемнің болмысы ой қорытындылау арқылы таныла алады. Бірақ санадағы ойлар адамның өзі ғана біле алатын нәрселер болғандықтан, әрбір нәрсенің болмысын осы тұрғыдан сұрау керек; субъективтік білім мен оның қамтитын мазмұны табиғаттың физикалық және адамның әлеуметтік әлемінен өзгеше болады. Олар меннен тыс, яғни меннің білімінен өзгеше. Осы жерде бос аралық туындайды. Сопылықта, негізінен, тек бір «мендік» бар. Ол – Тәңір. Адами «мендік» Оның тек бір көрінісі ғана. Көрініс «мен-сен» байланысына құрылатын шынайылықтан тұрмайды. «Сен» жоғалады. Мендік тек сана категорияларынан құралмайды. Ол танымға қызмет ететін жүректегі ақылды нұрмен айқындайтын нәрсе. Сопылыққа тән «мендік» білімнің шегі жоқ. Адами «мендік» өзімен салыстырғанда, жоқ саналады. Тәңір мендігімен бірлікте қаралғанда болмысқа ие болады. Бұлардың барлығын жүрек немесе рационалдық «мен» басқарады. «Мендік» қабілеттердің ашық функцияларымен ашылып білінуге тырысқанда, эмпирикалық, сенсуалистік және рационалистік тұрғыдан өзін көрсете алады.

Субъективтік «мендік көзқарас» рационалистік позицияға мысал бола алады. Бұл тұжырымдарға қарасақ, сананың ішіндегі таным іштегі білімді тануды білдіреді. Бұл мендіктің білімі жоқтығын білдіреді. Алайда «мендік» белгілі бір ойлау мен сезімдердің білімі ретінде қабылданылады. Өзімізді зерттеуге кіріскенде, ой немесе сезімге ие «менмен» емес, ерекше ойлар мен сезімдермен бетпе-бет келеміз. Бұл көзқарасқа сай, біз адами тәжірибелеріміздің сезімдік тарапынан ойларды, сезімдерді, қалауларды, т.б. ішкі сезім дейтіндерді тани аламыз. Адами тәжірибенің жады тарапынан сыртқы және ішкі сезімдерін біле аламыз [2,187].

Сыртқы және ішкі сезімдер бөлінісі эмпирикалық позицияны еске түсіреді. Эмпирикалық тұрғыдан алғанда, адам білімін материалдық объектілер және солардан алынған «тірі» сезімдік әсерлер қалыптастырады.

---

Сезім әсерлері білімімізді де, білімді жасайтын мендігімізді де айқындайды. Сондай-ақ, мендік сыртқы сезімдердің басым келетін нәтижесі «әлсіз ішкі реакциялар» арқылы да біліне алады. Адамның тәні мен мендігі біртұтас. Бұлай болмай, адам болмайды. Кейде тәнге, кейде санаға мән бере отырып, тәжірибе жинақталады.

«Мендік» тәндік ерекшелігі жоқ Тәңірге жету үшін тырысады. Өзі де, басқа да болмыстар жоқ болып кеткенше бұл күресті тоқтатпайды. Құранда бұл турасында былай делінген [Құран Кәрім, 40-16]: «Ол күні олар көрнеуге шығарылады. Олардан ешбір нәрсе Аллаға жасырын болмайды. «Бүгін патшалық кімдікі? Тек ғана жалғыз, тым өктем Алланыкі» делінеді». Ақиқат болмыстан басқа ақиқат жоғын түсінеді. Болмыста тек Тәңірдің заты бар, басқа ештеңе жоқ. Осындай түйсінулерден шығып, тануды бастаған сопы ақылындағылардан, барлық әрекеттері мен түйсіктерінен фана болады (олардан арылады). Тәңірден тыс нәрселердің қайнар көздері – көптіктен құралатын әлем. Бұл болмыста өзін көрсетпек болған мендік, Абсолюттік Бірді көре алмайды. Сезілетін әлем көптігімен мендікті бастырмалатып тастайды. Көптікте жекелік бола алмайды. Өзін көрсете алмаған жағдайда мендіктің «Абсолюттік Менмен» сұқбаты да мүмкін бола алмайды. Сондықтан мендіктің болмысына лайық бар болуын жүзеге асыруы болмысынан фана болғанда ғана мүмкін болады. Фананың бірінші сатысынан соңғы сатысына дейін өзін илахи менде табуға тырысқан мендік Тәңірден тыс барлық байланыстардан қол үзеді. Д.Локктың эмпирикалық білімдерінен кейін шығатын «*tabula rasa*» орнына, сопының білім теориясында илахи меннен келіп шыққан жасырын білімді ішіне алатын қарапайымданған «мендік» келеді. Сопы физикалық әлемді және оның білімін мойындайды. Сезеді, тәжірибе жинақтайды және ақылға негізделген дәлелдер табады. Оларды таразыға салып, салыстырады, бағалайды және қорытындылар жасайды. Ол заттар туралы білімге ғана сопылық тұрғыдан қарайды. Материалды заттардан алынған білімдерге қол жеткізерде, мағрифат негіздерін көзге тұтады. Болмыс өлшемін тек бір Болмыспен айқындай отырып, көптікті уахимен негіздейді. Қоршаған әлемдегі заттар сезіледі және оларға тәжірибе жасалады, ақылда қорытылып, ұғымдар жағдайына жеткізіледі. Бұл тұжырымдардың бағыты сопылық тұрғыда анықталады. Бұл деңгейде білім метафизикалық әлемге қатысты болады. Мендік метафизикалық әлемде Тәңірлік «менмен» табысады. Материалдық ерекшеліктер мен байланыстардан бас тартқандықтан, өзгерген тұлғаға айналады. Мендік сол себептен күңіреніп, масаяды. Мендіктің қарапайымданатыны соншалық, оның алғашқы келбетіндегі эмпирикалық және рационалдық мәндер екінші келбетінде жойылады. Сонымен бірге ол ықпалдылығы мен белсенділігін сақтайды. Өйткені, Мухасибі айтқандай, адам өз мендігін періштеге айналдыра алмайды және бұл оған керек те емес [2,94-117]. Егер мендік

алғашқы келбетінде жүрек басшылығындағы актілерін және солар арқылы қол жеткізген білімдерін ысырып тастаса, немесе жойып, қарапайымдануға тырысса, бұл жолға түсудің өзі қажетсіз болып қалар еді. Егер жүрек барлық білімнен мақрұм қалса, онда мендік адам емес, періште болғаны. Бұл жағдайда, Тәңірден тікелей алған білім төңірегінде тартысулар болмайды. Яғни мұндай білімнің құндылығын ойға алудың да қажеті жоқ. Қарапайымданған «мендіктің» сенсуалистік, эмпирикалық және рационалды жақтары мәселені талдауға қатысады.

Сопылық білім дегенде-ақ алғаш ойға келетін нәрсе – мағрифат ұғымы. Марифат – терең ұғым. Сопылық ілімді мағрифат ілімі деп те атайды. Сопылықтың тартымды рухани ілімі мен мұрасы көптеген халықтардың исламға енуіне себепкер болған [3,17с.] Сопылар ғылым ұғымын мағрифатты нақтылау үшін қолданып келген. Мағрифат бір нәрсенің ақиқатын білу, тану дегенге келеді. Ақиқат білімді тәсіл етісімен-ақ, оның абсолютті нәрсеге бағытталатыны түсінікті нәрсе. Себебі, мағрифат тақырыбы қозғалысымен ең жоғары ақиқат көзге тұтылады. Сөз орайында сопылардың мағрифат тақырыбындағы ойларын келтірейік: «Мағрифат – Тәңірдің барын жүрекпен білу». Мағрифатта жүрек Тәңірмен бірге шындыққа жетеді. Хаққтың мағрифаты деп аталатын бұл шынайылық Тәңірдің жаратқан заттарына есім мен сипаттарды дарытудан пайда болған бірліктің білінуі. Яғни, мағрифат түсінігі Хаққты Хаққ арқылы білу болса, екіншісі, ақиқаттың мағрифаты. Сопылар бойынша, екінші мағрифатқа жете алмайсың. Басқаша айтқанда, бұл әлсіздікті сезіну. Осылайша, мағрифатқа Хаққтың мағрифаты және ақиқат мағрифаты деп екі негізгі түсінік берілуде. Алайда мағрифат үш түрде қарастырылғаны дұрыс деп есептейді [2,193]. Біріншісі, яғни мағрифаттың бірінші түсінігі – тіл білімі, яғни тілмен сипаттау. Екіншісі – жүрек білімі. Ол тіл білімімен байланысты. Өйткені, жүрек тілдің біліп түсінгеніне сеніммен қарап, дұрыстайды. Үшіншісі – рух білімі. Екі сатыдан өткен ізденуші кемелденген мағрифатты иеленеді. Тіл, жүрек пен рух мағрифаты Тәңірді Тәңірмен білу үшін ғылым-мағрифат теңдігімен көрінеді. Олай болса, сопылық іздеген абсолюттік білім – Тәңір білімі. Бұл да адам мендігінің тәжірибесімен танылады. Әр болмыс алдымен өзіне қатысты, одан соң Тәңірге қатысты бар болады. Өзіне қатысты болмыс «жоқ болудан» бастау алады. Бұған қарсы, Тәңірге қатысты болмыс «болмыстан» бастау алады. Бұл жағдайда Тәңірден басқа ештеңе жоқ. Одан басқаның бәрі өледі. Ақиқатқа жеткен арифтер (Алланы тану жолындағы сопы) болмыста тек жалғыз Тәңірді көреді. Бұл көрініс сопыда ғылыми-танымдық сипатта, не болмаса хал арқылы жүзеге асады. Мұндай танымға ие болуларының себебі, олар Тәңірден басқаларын өздеріне қатысты емес, Тәңірге қатысты көреді. Басқаша айтқанда, көптіктен арылып, өздерін жоғалтады. Сезім мен ақыл өз қызметтерін толық атқармағандықтан, логика қағидалары бұзылады, айналымға марифат

---

кіреді. Тәңірмен бірлесулерін айтқанда, олар мас халде болады. Ауыспалы түрде айтқанда, бұл – бірігу, бір болу. Осы себептен, Тәңір – жоғары. Оны тану адами болмысқа Оны ендіру деген сөз. Алайда бұл білімді абстрактілі түсіндіру қиын. Ариф өз тәжірибесімен Оны хал арқылы өз басы танығанда ғана Тәңірді біледі. Осындай тәжірибесі арифтың ішкі мендігінде құнды нәтиже саналады. Марифатпен білінген Тәңірді «Абсолютті Мән» деп айта аламыз. Осы ретпен Тәңірді анықтай алмасақ, онда Ол – мән. Мәнді өзінің ішкі өлшемдерімен ойласақ, онда оны өз көзқарастары арқылы жасау керек болады. Мәселе есім арқылы түсіндірілген болмыстың бар болуымен байланысты. Сопылық ілімінде Тәңір табиғатпен байланысты. Алғаш білінген нәрсе алғаш ұғынылған болмыс болады. Алайда бұл байланыстың Тәңірге қатыстылығы күштірек. Табиғат өзіне қатысты алынғанда емес, табиғат болмысы Оған байланысты қаралғанда ғана бұл байланыс орын алуы мүмкін. Тәңір санадағы қасиеттерден емес, олай болған жағдайда, Ол ақыл категорияларымен анықталып, абстракциялық болмыс болудан ары кете алмас еді. Бұл жағдайда, Тәңірдің сана мен табиғатпен байланысы Оның өзіне қатысты қарастырылғанда ғана мүмкін бола алады.

Р. Декарттың сөзімен айтқанда, Тәңір бар болмай, әлем танылатын гармония бола алмайды. Тәңір – бар. Әлем де – бар. Әлемнің бар болуы Оның бар болуын қабылдайтын постулат ретінде түсініледі. Онтологиялық мәселелерді көтеру мақсат емес. Бірақ білетін адами мендік және оның қалай білетінін білу үшін, Тәңір-әлем байланысын кеңінен қарастырған дұрыс. Сопылық бойынша, феноменнің көптік реалитесі жалғыз шынайы болмыстың бірлігінде. Жалғыз болмыстың бірлігі феноменнің көптігінен көрінеді. Бұл көзқарас әрбір жаратылыстың негізіндегі шынайылық ретінде Абсолюттік шындықтың көріністерін көрсетеді. Көптік әлем Абсолюттік Шындықтан тәуелсіз емес. Бұл уахдат-и ужудқа (Unity of Existence) қатысты детерминизм және тажаллияттан бастау алады. Жаратылыстағы нәрселер метафизикалық қайнар көздерде қолданылғанда бар болады, өздігінен көрінгенде жоқ болады. Бұл – шындықтың шынайы метафизикалық көрінісі. Адам мен Тәңір арасындағы субъективтік-объективтік байланыстардың кейбір түрлері осы байланыста ортаға шығады. Шынайылықтың метафизикалық көрінісі – иман және амал. Шындықтың жаңылыс метафизикалық көрінісі дүниені барлық бөліктерімен терістеу немесе болмыстың өздігінен пайда болғаны; тіпті пантеистік тұрғыда болмыс түсінігін қабылдайтынға дейін алып барады; немесе жоғарылықты асыратын теизмге немесе монизмге, тіпті Тәңір мен жаратқандары арасында айырмашылық қоймауды да туындатады. Қысқаша айтқанда, Тәңір әлемге қатысты қаралады, оның ішінде не одан жоғары қарастырылады. Тәңір жоғары деп қана ұғынылса, әлеммен еш байланысы бола алмайды. Мәселен, Иқбал бойынша, әлем әу баста ойланып, жасалған бір жоспардың уақыты келе белгілі бір көріністе жүзеге асуы емес. Керісінше,

әлемге үлкею және кенею тән. Бұл – даму үстіндегі әлем; жүз жылдар бұрын аяқталған күйде, Жаратылғанның қолынан шығып, уақыт ықпалына түспеген күйдегі масса түрінде кеңістікте ұзып бара жатқан туынды емес.

Тәңірдің тұлғалығы ойы мағрифат мәнінде жасырын келеді. Сопылардың пікірінше, мағрифат дегеніміз, барлық ерекшеліктері мен атауларын қоса Тәңірдің уахданиятын (Бірлігін) сипаттай отырып, жүректі шынайыландыру және реттеу. Сондықтан мумин мен ариф, иман мен марифат арасында айырмашылық бар. Мумин Алла тағалының нұрымен, ариф болса, Алла тағаланың өзімен қарайды. Муминнің жүрегі зікірмен тынышталса, арифтің жүрегі Одан басқасына сенім арта алмайды. Сондықтан Тәңір өзі арқылы білінеді, ақыл Оны білуге қауқарсыз. Сопылар қалжың түрінде Тәңірді эго ретінде көрсеткен. Баязид Бистами былай деген: Алла мені қолдарының арасына алып, былай деді: «Ей Аба Йазид, махлұқатым сені көруді қалайды». Мен Оған былай дедім: «Маған мендігінді кидір, мені ахадиятыңа жоғарылат, махлұқатың мені көргенде «Сені көрдік» десін. Ең алдымен, адам Хаққтың көрінісінің бір бөлшегі. Бұл сопылық ілімнің «Тәңір - орталықта» деген көзқарасына сәйкес келеді. Коневидің айтуынша, Тәңірдің болмысы таза және ештеңеге қатысы жоқ болмыс. Мұнда есім мен сипат бір-біріне тең [4,14s.].

Сопылар абсолютті ақыл мен оның формаларын Тәңірді тануда жеткілікті санамайды. Бұл жеткіліксіздіктің мушахада мен мағрифатта мүмкін екендігін түсіндіреді. Оны рухани және көрінетін шектеуліктерден түзетеді. Соған қарағанда, Тәңірді қасиеттерімен тану, Оны сезімдік, ақли және ғылыми танудан жоғары. Міне мұнда сопылық білімнің рационалды білімнен өзгеше екендігі және жалпы сезімнен де жоғары екендігі көрінеді. Бірақ, басқа жағынан қарасақ, бұл тұжырым абсолюттік иманның салдары деп айта алмаймыз. Тәңір ақылмен таныла алмайды. Ақылдың жеткіліксіздігін терең тәжірибе, яғни марифат көрсетеді. Бірақ терең тәжірибе де Оны тануда әлсіз. Негізі Тәңірдің танылмайтынын айтуға тырысқанымызда, Оны «сипатталмайтынмен» сипаттау екеуі бір сияқты көрінеді. Ибн Араби Тәңірдің кешірімділігі мен ұқсатылуының Оны тануға қолдануды ойлап, марифатты ақыл формаларымен бағалауға болмайтындығын айтқан. Өйткені, Хақты айқындау мен шартқа байлау Оны шектеу дегенге келеді. Бұл мүмкін емес. Ибн Араби кемел адамға Ақиқаттың ішкі және сыртқы жақтарының аттарын берген [5,45]. Кемел адам - Ақиқаттың (яғни Алла тағала мен әлемнің) кіші көрінісі. Ол адам Алла тағаланың барлық сипаттарын өз бойында жинастырған. Періштелердің де Алла тағала туралы білімдері кемшілікті. Олар Алла тағаланы көрінетін әлеммен еш байланысы жоқ жоғары ақиқат деп біледі [6,83-85].

Тәңір құдайылық сипаттарымен көрінетін әлеммен байланыс орнатпаса, адам Оны тек Хаққ /немесе зат/ деп қана көретін еді. Сонымен бірге, марифаттың тақырыбы тікелей Тәңір болса, материалдылыққа қатысты

---

бөлшек бір зат, тек сопылық ғана емес, кез келген адам тарапынан танылатын еді. Тікелей абстракциялық затты білуді мақсат еткен сопы материалдық әлемде өмір сүруі қажет емес періште болар еді. Бірақ сопы Хақ та, Халқ та болып, ең төменгі әлемнен ең жоғары әлемге өсе отырып, Тәңірді таниды. Жүрек уахидің де көмегімен Тәңірді тануға тырысады. Марифатқа ұласуда сопы бірқатар қателер жіберіп алса, ісін басынан бастайды, зікірін, пікірін және жолын жоғалтады. Алайда бұлардың бәрін сезілетін және ақылмен танылатын дүниенің объективті мекені мен объективті уақыты ішінде жүзеге асыруға тырысады. Затқа жақындағанда білім абстракцияланады, болмыс сферасы да өзгереді. Абстракциялық Заттан басқа болмыс жоқ сфераға кіреді. Бұл жерде ақиқатқа ұласуда тек кашф және мүшахада әдіс қолданылады. Ауыспалы мағынасында бірлесуді, тура мағынасында таухидты жүзеге асыру үшін, көзге көрінетін әлемнен, ақылдан, меннен және мендіктен арылу керек.

Діни тәжірибенің ортасында да бір парадокс бар. Жасырын бастауларға ие адамдар рух тереңінде бір «болмыс» барын түйсінеді. Бұл болмысты Тәңір деп атаған. Тәңірді басқаларды сияқты тани алады. Олар адам санасы туындатқан терминдермен «Тәңір біліне алмайды» деп келеді. Бұл мәселенің бір жағы. Ақылмен Тәңірдің білінбейтініне және біліне алмайтынына қарамастан, адамның толығымен «білінбейтінмен» бірігуі, бір болуы мүмкін. Адам өз мендігінің жоқ екенін біле отырып, Тәңірді тануға қабілетті бола алады. Біліне алмайтын, Тәңір меннен де жақын. Ол да өз ішіміздегідей іштей және жасырын мәнге ие. Ибн Арабидің бірліктің жоғарылығы дегені осы. Құдайдың абсолютті бірлігі тек құдай тарапынан біліне алады. Шындығында, мендіктің таухиды шынайыланып, өзін «Тәңірдің заты ішінде ерітумен» субъект-объект екілігі жойылады. Заттың бұл кезеңде өзін білдіруі адамның мендігін Оған сіндіріп жоғалуынан көрінеді. Тәңір кашф арқылы танылады [6, 39].

Дегенмен, «Тәңірді білу» мәселесінің шешімі айтқандай оңай емес. Феноменалды әлемде сезіліп, түйсінген, көріп түйілген нәрселер бар. Мысалы, ағашты алсақ болады. Ол туралы сезілетін білімге иеміз. Эмпирикалық және рационалды білімдерді осылай жинақтаймыз. Яғни, түрлі білім актілері субъектіге ықпал етіп, объектіні біледі. Қандай кезеңде болмасын субъект қарсысындағы объектіні білген тұста оған ықпалы болады. Дұрысын айтсақ, білім барысында субъектінің ықпалды рөлі болады. Осы тұрғыда сопы-Тәңір байланысын қарастырып көрейік. Егер Тәңір білуші, сопы білінген болса, марифат Тәңірге қатысты болады. Бұл кезде Тәңір өзімен байланыстағы сопыларды ғана білетін болады, олардан басқаларды біле алмайды деуіміз керек болады. Тәңірді субъект, ал сопыны объект дей алмайтынымыз сияқты, керісіншесін де қабылдай алмаймыз. Бұл – парадокс. Бұл екі мүмкіндіктің біреуін таңдау, одан туындаған мәселені шешуді керек етеді. Осылайша, бұл мәселенің шешілуі өте қиын болады. Бәлкім, сопылық білім теориясының шешілуі қиын мәселесі осы. Олай болса, сопылық илхам немесе мари-

фат абсолютті білімді табудың, оны іздеудің түсініктемесі болады. Сопы ұласатын немес ұласуды мақсат еткен бұл білім Абсолютті Болмыс білімі болып табылады. Бұл – білімнің ең ақырғы және ең жоғарғы түрі. Сопылық білім осы жоғарылыққа жетуге тырысуда. Тырысуда дейміз, себебі, Тәңір өзіндегі болмыс немесе өзіне қатысты болмыс деп түсінілгенде, Оның мәнінен келіп шығатын шексіз білімдерге қол жеткізуді, одан туындайтын қиын мәселелерді шешуді қарастырады. Осындай білімге қол жеткізу Оны өзі арқылы түсіндіруге келетін өзіндегі болмысты мейлінше қамтудан бас тарта алмаймыз. Бұл алдымызға басты екі мәселені шығарады. Біріншісі, өзінде және өзімен салыстырғандаға болмыс болып табылатын Тәңірдің жалғыз мендік тарапынан, не болмаса түсіндіріліп білінген делінген даулы пікірдің туындауы. Мәселенің бір көрінісі осы. Екіншісі болса, абсолют болмыстың абсолют біліміне осылай келер болсақ, сопылықтың бұл ақиқатты іздеуді тоқтатуы табиғи болады. Алайда сопылық білім Абсолютті үнемі іздеп келді және әлі де іздеуде. Бұл болса тағы да абсолюттік білімге тіке бағытталған когнитивті процестің жалғасатынын айқындайтын жалғыз альтернативті тәсілдің сопылық екенін көрсетуде. Абсолюттік білім және оған қол жеткізу мәселесі, толығымен, мағрифат талабына тәуелді мәселе [2,196-208].

Адам қандай болмасын мөлшерде ізденсін және қайсыбір мақамда мұшааданы жүзеге асырсын, танылған нәрселер, түстер, нұрлар мен қасиеттер бір-бірінен айырмашылықты және әр түрлі болып келеді. Адамның көптік мағыналарға және ғайып ақиқаттарға қатысты ізденіп, кашф арқылы қол жеткізген танымының бұған қатысы жоқ [7,22].

Теология өз бастауын алатын шарттың екінші түрі «тағдырға» қатысты болды да, «тілмен айтқанды жүрекпен бекіту» деп анықталды. Ол алты тезистен тұрады: «Аллаға, періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына, ахырет күніне және тағдырға сенім» [Құран Кәрім, 2:285].

1. Өмір деген не – Қожа Йусуф-и Хамадани. Түркістан, ХҚТУ «Тұран», 2004. -107 бет.
2. S.Filiz. Islam Felsefesinde Mistik Bilginin Yeri. İnsan yayinlari, Istanbul-1995. -343 s.
3. Sadreddin-I Konevi. Miftahu Geybi'l-Cem ve'l-Vucud. -S.14 a
4. Ibn Arabi. Fususu'l-Hikam, s.45-46
5. A.E.Afifi, M.Dag. Muhyiddin Ibn Arabi'nin Tasavvuf Felsefesi. Ankara Universitesi Ilahiyat Fakultesi Basimevi. Ankara-1975. -188 s.
6. Sadreddin Konevi. Tasavvuf Metafizigi. Miftahu gaybi'l-Cem ve'l-Vucud. Terc. E.Demirli. Istanbul-2001. -219 s
7. Элбакян Е.С. Религиоведение: словарь. М., 2007. -637 с.



---

**Каратышканова К.**

**Синтез философии и суфизма как мировидение**

В статье рассматриваются гносеологические особенности познания мира и Бога в суфизме. Подчеркивается своеобразие мистицизма, свойственного суфизму в отличие от эмпирического познания в традициях классической философии.

**Karatyshkanova K.**

**Synthesis of Philosophy and Sufism, as World Vision**

This article discusses the epistemological features of knowing the world and God in the mainstream of Sufism. Emphasizes the kind of mysticism, Sufism characteristic as opposed to empirical knowledge in the tradition of classical philosophy.